

## Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін мамандар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы

Қарағанды облысы Шет ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 26 қарашадағы N 24/4 қаулысы . Қарағанды облысы Шет ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 05 қаңтарда N 8-17-85 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек Кодексінің 18, 238 баптарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Шет ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жиырма бес пайызға тарифтік мөлшерлеме және лауазымдық жалақысын көтеруге құқығы бар ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш. Жүніске жүктелсін .

3. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға т а р а т ы л а д ы .

4. Осы қаулы Шет ауданының Әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді.

*Шет ауданының әкімі*

*Қ. Тілеубергенов*

КЕЛІСІЛДІ:

*Шет аудандық мәслихатының хатшысы*

*Р. Мақсұтов*

Ш е т а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 2 6 қ а р а ш а д а ғ ы  
N 24/4 қаулысына қосымша

**Жиырма бес пайызға тарифтік мөлшерлеме және лауазымдық жалақысын көтеруге құқығы бар ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі**

1. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:

1) қазынашылық кәсіпорнының және мемлекеттік мекемесінің басшысы мен о р ы н б а с а р л а р ы ;

2) бөлімшелердің (сектордың, бөлімшенің (бөлімнің) бөлімшенің) басшысы және басшының орынбасары, қойма, шаруашылық меңгерушісі

3) (бас, аға) мамандар, оның ішінде: барлық мамандық дәрігерлері; біліктілігі орта деңгейдегі мамандар (медбикелер, фельдшерлер және акушерлер), психолог, бухгалтер, диеталық медбике, тіс технигі, зертханашы, медициналық есепші, медициналық зертханашы, денсаулық сақтау менеджері, рентген зертханашысы, мамандандырылған медбике, фармацевт, фельдшер, (зертханашы), экономист, кадр бөлімнің инспекторы, оқытушы, заңгер-кеңесші, инженер, программист, оператор, медициналық тіркеуші, дезинфектор, іс жүргізуші, кассир, механик, диспетчер, электронды есептеу машинасының операторы, хатшы-машинист, барлық атаулардың техниктері.

## 2. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

1) мәдениет қазынашылық кәсіпорнының және мемлекеттік мекемесінің басшысы мен орынбасары, бөлімшелер басшылары, оның ішінде: бөлім, филиал, сектор, меңгерушісі шеберхана және шаруашылық жөніндегі меңгерушісі;

2) (бас, аға, кіші) мамандар, оның ішінде: қор сақтаушы, экскурсия жүргізуші, өнертанушы, ғылыми қызметкер, мұрағатшы, әдіскер, суретші, кітапханашы, заң кеңесшісі, барлық мамандық инженерлері, барлық атаулардың техниктері, мұрағат қараушысы, аудармашы, билет бақылаушысы, кассир, бағдарламашы, бухгалтер, экономист, хатшы, кадр бөлімнің инспекторы.

## 3. Спорт мамандарының лауазымдары:

1) қазынашылық кәсіпорнының және мемлекеттік мекемесінің басшысы мен орынбасары, бөлімшелер басшысы, оның ішінде: шаруашылық жөніндегі меңгерушісі және қ о й м а м е н г е р у ш і ;

2) (бас, аға) мамандар, оның ішінде: мұрағатшы, әдіскер, дәрігер, жаттықтырушы, медбике, бухгалтер, аудармашы, бағдарламашы, хатшы, кадр бөлімнің инспекторы, іс жүргізуші, барлық атаулардың техниктері, нұсқаушы-әдіскер, кеңесші заңгер.

## 4. Білім беру мамандарының лауазымдары:

1) қазынашылық кәсіпорнының және мемлекеттік мекемесінің басшысы мен орынбасары, директор (меңгеруші), филиал, бөлім, бөлімше, орталық, лагерь, кабинет, пункт, клуб, кітапхана, кәсіби практика, шеберхана, зертхана, жатақхана, интернат пен к о м б и н а т т ы ң б а с ш ы л а р ы ;

2) (бас, аға) мамандар, оның ішінде: барлық мамандықтар дәрігерлер мен мұғалімдер, медбике, фельдшер, кітапханашы, мұрағатшы, тәрбиеші, тәлімгер, барлық мамандық инженері, барлық атаулар техниктері, жаттықтырушы, дене шынықтыру, еңбек, жүзу нұсқаушысы, әдіскер, мастер, оқытушы, аудармашы, концертмейстер, мәдени ұйымдастырушы, би үйретуші, аккомпаниатор, бухгалтер, іс жүргізуші, кадрлар бөлімінің инспекторы, комендант, экономист, зертханашы, механик, алғашқы әскери даярлық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушы, хатшы-машинист, оқу ісі жөніндегі хатшы, әлеуметтік педагог, педагог-ұйымдастырушы, қосымша білім беретін педагог, педагог-психолог, тәрбиешінің көмекшісі, спорт жөніндегі

оқытушы-жаттықтырушы, өндірістік оқыту мастері, музыка жетекшісі, тәртіп жөніндегі кезекші, диеталық мейірбике.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ